

Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 7 тамыздағы N 192-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 29 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4358. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Бұйрықтың кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Труба құбырлары және су кәріздері жүйелері саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (А.Г.Аскарова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Төрағаның міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігінің
2006 жылғы 7 тамыздағы
N 192-НҚ бұйрығымен бекітілген

**Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің
(тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын
сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу
мөлшері мен тетігін келісу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.

2. Осы Ереже реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу тәртібін айқындауды.

3. Осы Ереженің мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтыну көлемін есептеуге арналған техникалық құрылғы;

2) төлем құжаты - табиғи монополия субъектісінің құжаты (есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты) оның негізінде реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) төлем жүргізіледі;

3) тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланушы немесе пайдалануға ниеттенуші жеке немесе занды тұлға;

4) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 № 30-НҚ, 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу тәртібі

4. Табиғи монополия субъектісі (бұдан әрі - Субъект) реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын тұтынушыларға орнату кестесін (бұдан әрі - Кесте) өзірлейді.

Ескерту. 4-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны (бұдан әрі - Ақы) мөлшерін Субъект есептейді және уәкілетті органмен келісіледі. Ақыны бекіту туралы Субъектінің шешімі Ақыны өндіріп алу мерзімін көрсете отырып, Субъектінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бұйрығының түрінде қолданылады.

6. Үй-жайлардың алаңына не түрғын үйдегі пәтерлердің санына қарай Ақы және Ақыны өндіріп алу мерзімі сараланады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Субъект ақыны бекіту туралы бұйрықты уәкілетті органға қарауға және келісу үшін Кестені, сондай-ақ Субъектінің реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату шығындарын негіздейтін есептерді және құжаттарды қоса бере отырып, оған қол қойған күнінен бастап 3 жұмыс күн ішінде ұсынады. Негіздеуші материалдардың әрбір парағына Субъектінің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Уәкілетті орган Субъекті ұсынған Ақыны бекіту туралы шешімін және Ақы есебінің негіздеуші материалдарына олар уәкілетті органға түскен күннен бастап 30 жұмыс күн ішінде қарайды.

8-1. Уәкілетті орган Субъектінің Ақыны бекіту туралы шешімін және Ақы есебіне негіздеуші материалдары қарау нәтижелері бойынша Субъектіге келісілгені туралы хат жібереді.

Ескерту. 8-1-тармакпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Субъект ұсынған Кестені облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жолдайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ақпарат құралымдығы коммерциялық құпия уәкілетті органға оны ұсынудан бас тартуға негізі болып табылмайды, бұл ретте Субъект және өзге де мұдделі тұлғалар уәкілетті органға ақпаратты ұсынған кезде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін айқындайтын ішкі актінің қосымшасын қоса бере отырып, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.11.19 № 289-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Субъект жеке қосалқы шотта реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алуға және орнатуға байланысты шығындар мен табыстардың есебін жүргізеді.

13. Субъект реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарына ақы төлеу үшін тұтынушыға ұсынған төлем күжатында осы Ережеде белгіленген тәртіппен келісілген Ақы көрініс табатын жеке жолды көздейді.

14. Субъект тұтынушыға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын тұтынушымен жасалған шартқа сәйкес сатып алады және орнатады.

15. Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдары Субъектіге тұтынушы реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алған және орнатылған барлық құнына ақы төлегеннен кейін тұтынушының меншігіне өтеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК